



# Қорқыт ата күйлері

Орындаған «Қобыз және баян» кафедрасының  
студенті: МАЙДАНОВА С.К.

Тексерген оқытушы: РАУАНДИНА Ш.З.

# Жоспар

1. Тарғыл тана
2. Басылған кітаптар
3. Қорқыт күйі
4. Оның түрлері



# Тарғыл тана



Орындаушы:  
Мұсабек Жарқынбеков



Бір күні Қорқыт Желмаясымен ел аралап келе жатып , далада мал бағып жүрген жас баланы ұшыратады . Қорқыттан үркіп бір тарғыл тана табыннан бөлініп тұра қашыпты. Оны қайтарам деп қуа жөнелген баланың аяғына шөгір кіріп, танаға жете алмай, жылап отыра кетеді. Баланы аяған Қорқыт оны өзі қайтар мақшы болады. Бірақ қанша қуса да, тана жеткізбейді . Әбден ыза болған Қорқыт: «Өлсем де жетемін!» деп өршелене қуады. Мұны естіген тәңірі тарғыл тананы тасқа айналдырып жібереді. Денесі тасқа айналып , жаны шығарда танаға тіл бітіп :





*« Менің өзім қара едім,  
Қарадан туған ала едім,  
Туған жерім - Қазалым,  
Мына тау болды-ау ажалым. »*

*(Айтушы Нышан Шәменұлы)*

# Басылған кітаптар

Мұсабек  
Жарқынбеков



Базархан  
Қосбасаров





Жәй, ойлы

*p*


Сәл жылдамдата

25

Жайлата

*pizz.*

*p*



Тарғыл тана

Қорқыт

Орындаған М.Жарқынбеков

Жәй, ойлы

Сәл жылдамдата

Жайлата

*p*

# Қорқыт күйі

Қорқыт тарғыл тананы қуамын деп жүріп байқаусызда өлімді айтып қалғаны на екiнiп, бармағын шайнайды. Ендi өзiне ажалдың жақын екенiн сезген күйшi одан қайтсе де құтылуды ойлап, адам мәңгiлiк өлмейтiн жер iздеп, Желмаясымен желдiртiп дүниенiң ең шетiне шығып кетедi. Бұл жерде оған қор қазып жатқан бiр топ адамдар жолығады. Қорқыт оларға сәлем берiп:

- «*О, ел жақсылары, қандай жаннның басына қаралы күн туып едi, мұны кiмге қазып жатырсыңдар?*» дегенде, олар:  
- «*Қорқыт әулиеге*» - деп жауап бередi.




# Қорқыт күйі

Зәресі ұшқан Қорқыт Желмаясының тізгінін бұра сала дүниенің екінші шетіне қарай қашады. Мұнда да ол қазылып жатқан көрге тап болады. Қорқыт өлімнен қашып, дүниенің төрт бұрышын түгел шарласа да, өмір мәңгілік сән-салтанат құрған жерді таба алмайды. Қайда барса да, алдынан Қорқыттың көрі кездесе берген соң, бұл дүниеде ажалдан қашып, бәрібір жанын алып қала алмасына көзі жетіп, енді ол жер кіндігін іздейді. Жер кіндігі Сыр бойы екен. Бірақ туған елі Сыр бойына қайтып оралған Қорқыт мұнда да жанына тыныштық таба алмайды. Ең ақырында ол:

*«Дүниеде ажалдың құрығы жетпейтін жер жоқ екен. Балкім, суға барып отырсам, маған ешкім көр қаза алмас, ажалда батып келе алмас»* - деп, Желмаясының үстіне жауып жүрген, суға салса батпайтын және шіріп тозбайтын қасиетті кілемін Сыр суына төсеп, дарияның бетінде қобызын тартып отырып, осы күйді шығарған екен .


*(Айтушы Нышан Шәменұлы)*



# Қорқыт 1 түрі

Қорқыт  
(1 түрі)  
Орындаған Д.Мықтыбаев

Орташа екпінмен, еркін



# Қорқыт 2 түрі


Зарлы

Желпірте

Толғай

Желпірте


Зарлы



Орындаушы: Дәулет Мықтыбаев



Орындаушы: Мұсабек Жарқынбеков





Назарларыңызға рахмет!